

Экономика факультетінің студенті Шекимова Лия,

Қарағанды университетінің доценті

Кервенев К.Е.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

Өндіріс көлемін экономикалық талдау жайында

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасы экономикасының дамып өркендеуінде қазып шығаратын өнеркәсіптің рөлі мен мәні зор. Қазып шығаратын өнеркәсіптің дамуынан ел өнеркәсібінің көптеген салалары мен құрылыс саласының жұмыстары тікелей байланысты. Қазып шығаратын өнеркәсіптің көптеген ерекшеліктері бар, олардан өндірісті ұйымдастыру және технологиясы ғана байланысты емес, сондай-ақ өндіріс шығындары мен дайын өнімді есепке алу мен бақылау мүмкіндіктері тығыз байланысты. Қазба жұмыстарын жүргізу түрі дайын өнімді есепке алу және оның түгелділігіне бақылау жасау үшін белгілі бір қиындықтар туғызады.

Өндіріс көлемін экономикалық талдаудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады: өнімнің көлемі, құрылымы мен сапасының негізгі көрсеткіштері бойынша динамиканы бағалау; бизнес-жоспардың көрсеткіштерінің тепе-теңділігін, олардың орындалуы мен шынайылығын бағалау; өндіріс көлемі мен өнім сату көрсеткіштеріне негізгі факторлардың әсер ету дәрежесін анықтау; өнім әкелу бойынша келісім-шарттық міндеттемелердің орындалуының көрсеткіштерін бағалау; өнімді сату көлемін арттыру, оның ассортименті мен сапасын жақсарту бойынша ішкі шаруашылық резервтерді пайдалану бойынша шаралар дайындау.

Өндіріс көлемін талдаудың көздері болып статистикалық есептің келесі формалары табылады: өнеркәсіптік өнім туралы есеп; өнім өндіруге кететін шығындар туралы есеп; өнеркәсіптік өнімге баға туралы есеп; сапа мен ассортимент туралы статистикалық мәліметтер, өндірістің ырғақтылығы, кешенділігі туралы жедел есептеу мәліметтері, натуралдық және құндық

көріністеріндегі тауарлар мен дайын заттардың қозғалысы туралы бухгалтерлік есептің бастапқы формалары, тауар әкелу, рекламация, сапа сертификаттары туралы шарттар.

Өндіріс және сату көрсеткіштері натуралдық, шартты-натуралдық және құндық бағаларда анықталады.

Жаппай өнім – аяқталмаған өндірісті қосқандағы бүкіл өндірілген өнім мен орындалған жұмыстардың құны.

Жаппай өнім құрамына мыналар кіреді: дайын заттар, жартылай фабрикаттар, сыртқа шығару, аяқталмаған өндіріс қалдықтарын өзгерту.

Тауар өнімі – сыртқа жіберуге арналған өнім. Жаппай өнім тауар өнімінен аяқталмаған өндіріс қалдықтарын өзгертуге ерекшеленеді.

Егер сатып алушыға өнімді меншікті өндіру берілген болса, сонымен қатар үлкен сенімділікпен мәміле бойынша күтілетін табыстар мен шығындарды бағалауға мүмкіндік бар болса және экономикалық ұтысты субъект ала алатын мүмкіндік бар болса, онда өнім сатылған деп саналады. Сатылған өнім мен тауарлық өнім арасындағы өзгеріс дайын немесе сатылмаған өнім қалдықтарының өзгерісіне тең болады (тауарлық өнім кәсіпорынның ағымдағы шынайы көтерме бағаларда (ҚҚС-сыз), жоспарда қабылданған көтерме бағаларда, кәсіпорынның тұрақты көтерме бағаларында есептеледі).

Жаппай өнім динамикасы деп уақыт өзгерісіне қарай құбылыстармен процестердің өзгеру қозғалысын көрсетеді. Өндіріс көлемін талдау жаппай өнім мен тауарлық өнім динамикасын, өсім мен өсудің базистік және бағалық қарқындарын есептеуді зерттеуден басталады.

Өсудің орташа жылдық қарқынын T (өсім T) орташа геометриялық немесе орташа арифметикалық өлшем бойынша есептеуге болады. Оны орташа геометриялық формуламен есептейік:

$$\bar{T} = \sqrt[n]{T_1 * T_2 * T_3 \dots T_n} \quad (1)$$

Динамика қатарын талдау үшін өсу қарқынын, өсімше қарқыны, абсолюттік

өсімін анықтайды.Берілген көрсеткіштер тізбекті және базисті болады.

Базистік дегеніміз барлық көрсеткіштерді бірінші жыл көрсеткішімен салыстырамыз.

Тізбектік дегеніміз әр бір жылдың көрсеткішін өткен жылмен салыстырамыз.

Келесі формулаларды қолдана отырып өнім динамикасына талдау жасаймыз.

1) абсолюттік өсім (ΔY): өсудің абсолюттік жылдамдығын көрсетеді

$$\Delta Y_T = Y_i - Y_{i-1} \quad (2)$$

$$\Delta Y_\theta = Y_i - Y_0, \quad (3)$$

мұндағы

Y_i –келесі кезең деңгейі

Y_{i-1} - алдыңғы кезең деңгейі;

Y_0 - бастапқы кезең деңгейі.

2) өсу қарқыны есеп беру жылы өткен жылмен салыстырғанда неше есе өскенін көрсетеді

$$T_T = \frac{Y_i}{Y_{i-1}} \quad (4)$$

$$T_\theta = \frac{Y_i}{Y_0} \quad (5)$$

3) өсімше қарқыны қанша пайызға өзгергенін көрсетеді:

$$T_{\Delta T} = \frac{\Delta Y_i}{Y_{i-1}} \text{ немесе } T_{\Delta T} = T_T - 1(100\%) \quad (6)$$

$$T_{\Delta\delta} = \frac{\Delta Y_i}{Y_0} \text{ немесе } T_{\Delta\delta} = T_{\delta} - 1(100\%) \quad (7)$$

Осы қарастырылған (1-7) формулалармен анықталған теориялық мәліметтерді қолдану арқылы келесі мәселелерді шешуге болады деп ойлаймыз:

- дайын өнімнің өзіндік құнын бағалау;
- дайын өнімді өткізуді құжаттық рәсімдеу және есепке алу;
- дайын өнім жоспарының орындалуы мен ырғақтылығын талдау;
- дайын өнімнің ассортименти мен құрылымын талдау;
- өнім сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін талдау және оны арттыру жолдарын анықтау.

Осындай зерттеулер нәтижесінде кәсіпорынға пайдалы ұсыныстар жасауға болатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Баканов М.Н., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа: Учебник 7 – е, издательство, доп.и перераб. – М: Финиасы и статистика, 2002 – 416с
2. Балабанов И.Т. Финансовый анализ и планирование хозяйствующего субъекта 2 – е издание, доп.- М.: Финансы и статистика, 2000 – 208с
3. Вакуленко Т.Г., Фомина Л.Ф. Анализ бухгалтерской (финансовой) отчетности для принятия управленческих решений – СПб.: Издательский дом Герда: 2001 – 288с
4. Дюсембаев К.Ш., Егембердиев С.К., Дюсембаева З.К. Аудит и анализ финансовой отчетности: Учебное пособие – Алматы: экономика, 1998 – 294с